

"Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіру және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 11 шілде N 762

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіру және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының
З А Ң Ы

Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіру және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы

Осы Заң бензиннің (авиациялықты қоспағанда), дизель отыны мен мазуттың (бұдан әрі - мұнай өнімдері) өндіру және олардың айналымы процесінде туындайтын қ а т ы н а с т а р д ы р е т т е й д і .

1 - б а п . Н е г і з г і ұ ғ ы м д а р

Осы Заңның мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) автожанармай құю станциясы (АЖҚС) - мұнай өнімдерін сақтау және сатуды қамтамасыз ететін, жабдықтармен жаратандырылған стационарлық үлгідегі т е х н о л о г и я л ы қ к е ш е н ;

2) мұнай өнімдерінің базасы - мұнай өнімдерін одан әрі сату мақсатында оларды сатуда пайдаланылған тауар қоймасы;

3) бірыңғай дерекқор - мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымын

мемлекеттік реттеуді өз құзыреті шегінде мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы жөніндегі электронды дерекқор;

4) компаундирлеу - белгіленген сападағы тауарлық бензин алу мақсатында бензиннің екі немесе бірнеше компонентін араластыру;

5) мұнай өнімдерін өндірудің ең төменгі көлемі - мұнай өндіруші ұйым күнтізбелік жыл ішінде айлық және жылдық оны орындау кестелеріне сәйкес өңдеуге міндетті мұнай және (немесе) газ конденсатын өңдеудің ең төменгі көлемі;

6) кондицияға жеткізілмеген мұнай өнімі - заңнамада белгіленген талаптарға сай келмейтін мұнай және (немесе) газ конденсатын өңдеу процесінде өндірілген өнім;

7) мұнай өнімдерінің айналымы - мұнай өнімдерін сатып алу, сату, тасымалдау, сақтау, олардың экспорты мен импорты;

8) өндіріс паспорты - мұнай өңдеу кәсіпорны өндірістік қуаттарының көрсеткіштерін, өндірістің технологиялық, процесін сақтау үшін қолда бар жабдықтардың пайдаланылуын регламенттейтін, оның негізгі сипаттамасын көрсететін, белгіленген нысандағы құжат;

9) мұнай өнімдерін өндіру - мемлекеттік стандарттардың талаптарына сай мұнай өнімдерін алуды қамтамасыз ететін мұнай және (немесе) газ конденсатын өңдеу жөніндегі жұмыстар (операциялар) кешені;

10) ілеспе жүк құжаттамасы - мұнай өнімдерін босату және қабылдау жөніндегі операцияларды ресімдеуге арналған жөнелтушіден алушыға дейін бүкіл жүретін жолында мұнай өнімдерін тасымалдау үшін қажетті ілеспе құжат.

2-бап. Мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы

1. Мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына К951000_ негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда

көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымын мемлекеттік реттеу

1. Мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымын мемлекеттік реттеуді Қазақстан Республикасының Үкіметі, ол уәкілеттік берген мемлекеттік орган, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдар олардың құзыреті шегінде жүзеге

асырады.

2. Мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымын мемлекеттік реттеу мыналарды қамтиды:

- 1) мұнай өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті лицензиялау;
- 2) мұнай өнімдерін өндірудің ең төменгі көлемін белгілеу;
- 3) мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымын бақылауды, соның ішінде оларды декларациялау, мониторингі, ілеспе жүк құжаттамасын және мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымының дерекқорын жүргізу арқылы жүзеге асыру;
- 4) мұнай өнімдерінің сапасын мемлекеттік бақылау.

3. Өзге де мемлекеттік органдар осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық кесімдерінде бекітілген осы органдардың құзыреті шегінде мұнай өнімдерін өндіру және (немесе) олардың айналымының жекелеген мәселелерін реттеуге құқылы.

4-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті
Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымын мемлекеттік реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты айқындайды және оның іске асырылуын қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

2) мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымын мемлекеттік реттеу саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдайды;

3) Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық кесімдеріне сәйкес мұнай өнімдерін Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге шектеу белгілеп, тыйым салады;

4) уәкілетті мемлекеттік органды және мұнай өнімдерін лицензиялауды жүзеге асыратын мемлекеттік органды белгілейді.

5-бап. Уәкілетті мемлекеттік органның құзыреті

Уәкілетті мемлекеттік орган:

1) өз құзыреті шегінде мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымын мемлекеттік реттеу саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді шығарады;

2) мұнай өңдеуші ұйымдар мен мұнай өнімдері базалары қызметінің мониторингін жүзеге асырады ;

3) республикалық және аймақтық деңгейдегі мұнай өнімдері теңгерімін өзара байланыстыра жасап, бірыңғай дерекқор жүргізуді жүзеге асырады;

4) өзге де мемлекеттік органдардың мұнай өнімдерін өндіру және олардың

айналымының көлемі туралы мәліметтерді және өзге де қажетті ақпаратты беруінің және оларды бірыңғай дерекқорға енгізудің нысанын, тәртібі мен мерзімін белгілейді;

5) мұнай өнімдері ілеспе жүк құжаттамасын ресімдеудің ережелерін әзірлейді және
б е к і т е д і .

6-бап. Өзге де мемлекеттік органдардың құзыреті

1. Стандарттау және сертификаттау саласындағы мемлекеттік орган:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген стандарттарға мұнай өнімдерінің сай болуын бақылауды жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мұнай өнімдерін сертификаттауды жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес АЖҚС пен мұнай өнімдері базаларын сертификаттауды қамтамасыз етеді.

2. Энергетика саласындағы мемлекеттік орган:

1) мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымының технологиялық процесіне қойылатын қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

2) мұнай өнімдерін өндірудің ең төменгі көлемін белгілейді;

3) мұнай өнімдерін өндірудің ең төменгі көлемін қамтамасыз ету жөніндегі мұнай өнімдерін өңдеу ұйымдарының қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

4) өндіріс паспорттарын бекітеді;

5) өндіріс паспорттарын толтыру нысандары мен тәртібін белгілейді;

6) өндіріс паспорттарында көрсетілген мұнай өнімдерін өңдеу ұйымдарындағы жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу мерзімдерін келісуді және олардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

7) мүдделі мемлекеттік органдармен келісім бойынша мұнай өнімдерінің экспорты мен импортына арналған квоталарды экономикалық негіздеуді әзірлейді.

3. Экономика және сауда саласындағы мемлекеттік орган уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша кедендік, қорғау, демпингке қарсы және өтеу баждары ставкаларының экономикалық негіздемесін әзірлейді.

4. Монополияға қарсы саясат саласындағы мемлекеттік орган:

1) монополияға қарсы саясат заңнамасына сәйкес мұнай өнімдерін өңдеу ұйымдарының шикі мұнайды өңдеу жөніндегі көрсететін қызметтеріне тарифтерді
б е к і т е д і ;

2) шикі мұнайды өңдеу жөніндегі рынокта үстем (монополиялық) жағдайға ие мұнай өнімдерін өндірушілердің шикі мұнайды өңдеу жөніндегі жария шарттарын келісуді жүзеге асырады;

3) осы Заңның 11-бабының 7-тармағында көзделген талаптардың сақталуы жөнінде мұнай өнімдерін өндірушілердің және мұнай өнімдері базаларының қызметін

бақылауды жүзеге асырады.

5. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік орган:

1) Қазақстан Республикасының табиғат қорғау заңнамасына сәйкес мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы кезінде қоршаған ортаны қорғаудың сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

2) өндіріс паспорттарын келіседі.

6. Көлік саласындағы мемлекеттік орган мұнай өнімдерін тасымалдау кезінде тасымалдаушылардың технологиялық талаптарды қамтамасыз етуін бақылауды жүзеге асырады.

7. Осы бапта көрсетілген мемлекеттік органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымын мемлекеттік реттеу саласындағы өзге де функцияларды жүзеге асырады.

7-бап. Уәкілетті мемлекеттік органның өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасауы

1. Уәкілетті мемлекеттік орган орталық және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасайды, бақылауды жүзеге асыру жөнінде бірлескен шаралар қабылдайды, өзара ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.

2. Осы Заңды бұзу фактілерін анықтаған жағдайда уәкілетті мемлекеттік орган бұл туралы анықталған тәртіп бұзушылықтарды жою жөнінде тиісті ден қою шараларын қабылдауы үшін тиісті мемлекеттік органдарды хабардар етеді.

8-бап. Мұнай өнімдерін өндіру жөніндегі қызмет

1. Мұнай өнімдерін өндіру жөніндегі қызмет лицензиялауға жатады. Лицензиялау осы Заңда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, лицензиялау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Осы Заңның 9-бабында көзделген мұнай өнімдерін өндіру жағдайлары, сондай-ақ мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымын декларациялау мен оның мониторингі тәртібі бұзылған жағдайда тоқтатыла тұруы мүмкін.

9-бап. Мұнай өнімдерін өндіру жағдайлары

1. Тиісті техникалық талаптарға сай жабдықтарда мұнай өнімдерін өндіруге рұқсат етіледі.

2. Бір ғана жабдықта екі және одан да көп өндірушілердің мұнай өнімдерін өндіруіне тыйым салынады.

3. Лицензияда көрсетілген өндіріс паспорты мен және сол мекен-жайда ғана мұнай

өнімдерін өндіруге рұқсат етіледі.

4. Өндіріс көлемі туралы ақпаратты уәкілетті мемлекеттік органға автоматтандырылған түрде беруді қамтамасыз ететін есепке алудың бақылау аспаптарымен міндетті түрде жарақталған кезде ғана мұнай өнімдерін өндіруге рұқсат етіледі.

Өндіріс көлемі туралы ақпаратты автоматтандырылған түрде беруді қамтамасыз ететін есепке алудың бақылау аспаптарын қолданудың тәртібі мен оларға қойылатын талаптарды уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

5. Мұнай өнімдерін өндірушілерге шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын сатуды жүзеге асыруға тыйым салынады.

6. Мұнай өнімдерін өндірушілер энергетика саласындағы мемлекеттік органның мұнай өнімдерін өндірудің ең төменгі көлемін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарын орындауға міндетті.

7. Өндірістік паспорттарға сәйкес өндірістік қуаттар бір ай бойы толық жүктеме алмаған жағдайда мұнай өнімдерін өндірушілер монополияға қарсы саясат саласындағы мемлекеттік орган белгілеген өңдеу жөнінде көрсетілетін қызметтер тарифтері бойынша өз қуаттары шегінде шикі мұнайды және газ конденсатын өңдеуге қабылдауға міндетті.

8. Мұнай өнімдерін өндірушілер уәкілетті мемлекеттік органмен және энергетика саласындағы мемлекеттік органмен өндірістік процестің қауіпсіздігіне қауіп төндірген жағдайды дереу жою қажеттілігін қоспағанда, жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кестесін келісуге міндетті.

9. Шикі мұнайды өңдеу жөніндегі рынокта үстем (монополиялық) жағдайға ие мұнай өнімдерін өндірушілер монополияға қарсы саясат саласындағы мемлекеттік органмен келісілген жария шарттар негізінде шикі мұнайды өңдеу жөнінде қызметтер көрсетеді.

10. Мұнай өнімдерін өндіруге лицензиялары бар кәсіпорындарға ғана:

1) октан санын көтеру мақсатында тауарлық бензинді компаундирлеу, үстемелер, қоспалар мен компоненттерді қосуға;

2) белгіленген сападағы бензин алу мақсатында кондицияға жеткізілмеген мұнай өнімдерін компаундирлеу, үстемелер, қоспалар мен компоненттерді қосуға;

3) дизельдік отынға үстемелер, қоспалар қосуға рұқсат етіледі.

10-бап. Мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымын декларациялау мен оның мониторингі

1. Мұнай өнімдерін өндіру және (немесе) сатуды жүзеге асыратын тұлғалар мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымының көлемі мен айналымы туралы уәкілетті мемлекеттік органға тапсыруға міндетті.

Декларацияларды тапсырудың нысанын, тәртібі мен мерзімдерін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

2. Мұнай өңдеуші ұйымдар мен мұнай өнімдері базалары қызметінің мониторингі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

11-бап. Мұнай өнімдерін сату жағдайлары

1. Қазақстан Республикасының аумағында кондицияға жеткізілмеген мұнай өнімдерін сатуға, сондай-ақ оларды қайта өңдеусіз сақтауға рұқсат етілмейді.

2. Мұнай өнімдері базалары мен АЖҚС-ты сертификаттау Қазақстан Республикасының сертификаттау саласындағы заңнамасына сәйкес осы Заңда көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, жүзеге асырылады.

3. Мұнай өнімдері базалары мен АЖҚС-ты сертификаттау үшін мұнай өнімдерін сатып алу мен сатуды есепке алудың электронды (компьютерлік) жүйесінің болуы қ а ж е т .

Ауылдық жерлердегі (ауыл, село, халқы 10 мың адамға дейінгі кент) АЖҚС-ты сертификаттау үшін мұнай өнімдерін сатып алу мен сатуды есепке алудың оңайлатылған электронды (компьютерлік) жүйесінің болуына рұқсат етіледі.

4. Мұнай өнімдерін сатып алу мен сатудың көлемі туралы автоматтандырылған түрде беруді қамтамасыз ететін есепке алудың электронды (компьютерлік) жүйесін, оңайлатылған электронды (компьютерлік) жүйесін қолданудың тәртібі мен қойылатын талаптарды уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

5. Тек мұнай өңдеу ұйымдары, мұнай өнімдері базалары мен АЖҚС-тарға ғана мұнай өнімдерін көтерме әрі бөлшек саудада сатуға рұқсат етіледі.

6. Мұнай өнімдері базаларынан мұнай өнімдерін көтерме саудада сатуға тек А Ж Қ С - т а р ғ а ғ а н а р ұ қ с а т е т і л е д і .

7. Жыл сайын 1 наурыз-31 мамыр және 1 тамыз-31 қазан кезеңдерінде мұнай өнімдерін өндірушілер мен мұнай өнімдері базалары инфляция индексіне түзетілген өткен жылғы өздері сатқан кезде қалыптасқан орташа жылдық бағадан аспайтын баға бойынша өндірілетін және/немесе сатып алынатын мұнай өнімдері көлемінің кемінде 5 0 % с а т у ғ а м і н д е т т і .

12-бап. Мұнай өнімдерінің экспорты мен импортын реттеу

Мұнай өнімдерінің экспорты мен импортын реттеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, соның ішінде акциздер, кедендік, қорғау, демпингке қарсы және өтеу баждары ставкаларын, мұнай өнімдерінің экспорты мен импортының квоталарын бекіту (өзгерту) жолымен жүзеге асырылады.

13-бап. Мұнай өнімдерін тасымалдаудың жағдайлары

1. Қауіпті жүктерді тасымалдауға және техникалық пайдалану ережелеріне қойылатын талаптарға сәйкес көлікпен тасымалдауға рұқсат етілген әрі арнайы жабдықталған көлікпен тасымалдауға рұқсат етіледі.

2. Мұнай өнімдерін тиеу және тасымалдау жөніндегі мынадай операциялар:

дайындаушы зауыт мұнай өнімдерін мұнай өнімдері базаларына көтерме саудада сатқан кезде;

дайындаушы зауыт мұнай өнімдерін АЖҚС-қа және бөлшек саудада (түпкі тұтынушыға) сатқан кезде;

мұнай өнімдері базалары мұнай өнімдерін АЖҚС-қа және бөлшек саудада (түпкі тұтынушыға) сату жүзеге асырылған кезде ілеспе жүк құжаттамасы ресімделеді.

Мұнай өнімдерін тасымалдаумен байланысты басқа да құжаттар әрбір көлік түріне арналған қауіпті жүктерді тасымалдауға белгіленген талаптарға сай болуы тиіс.

14-бап. Мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы ережелері мен шарттарын бұзғаны үшін жауапкершілік

Осы Заңның ережелерін бұзғаны үшін мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген жауапкершілікке тартылады.

15-бап. Өтпелі ережелер

Осы Заң ол ресми түрде жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК